САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
_________ Б.Н.Усманов
«___»_______2024ж.

# «С.НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ №72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН» ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК МҮДДЕЛІ ОРГАНДАРМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы**

Біртұтас тәрбие бағдарламасы

**«С.НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ №72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫНДА «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

**Бағдарламаның мақсаты:**

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

**Бағдарламаның міндеттері:**

**Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

**Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

**Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

**Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

**Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
**Қазан айы** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
**Қараша айы** – әділдік және жауапкершілік айы;
**Желтоқсан** – бірлік және ынтымақ айы;
**Қаңтар** – заң және тәртіп айы;
**Ақпан** – жасампаздық және жаңашылдық айы;
**Наурыз** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
**Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
**Мамыр** – бірлік және ынтымақ айы.

**Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

**Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

**Бастауыш мектеп түлегі:**

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
отбасының құндылығын түсіну;
тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;
Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;
Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;
азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;
мемлекеттік тілді меңгеру;
Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;
әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;
Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

**Жалпы орта мектеп түлегі:**

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;
отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;
Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

**Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

**Бастауыш мектеп түлегі:**

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;
өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;
басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;
бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;
тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;
сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;
тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;
бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;
басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

**Жалпы орта мектеп түлегі:**

әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;
ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;
басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;
қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;
мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

**Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

**Бастауыш мектеп түлегі**:

шындықты айту;
достыққа адал болу;
жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;
өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;

әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;
оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;
берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;
басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

**Жалпы орта мектеп түлегі:**

нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;
әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;
қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;
белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;
тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

**Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

**Бастауыш мектеп түлегі:**

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;
қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;
педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;
кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;
тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;
қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

**Жалпы орта мектеп түлегі:**

өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;
моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;
тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

**Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

**Бастауыш мектеп түлегі:**

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол

жеткізуге ұмтылу;
өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;
түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;
өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;
еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;
жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

**Жалпы орта мектеп түлегі:**

тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;
өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;
нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;
еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;
дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

**Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық**

Құзыреттілік: шығармашылық

**Бастауыш мектеп түлегі:**

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;
жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;
инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;
жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдері мен идеяларын ұсына білу;
өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;
бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;
модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;
оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;
әр түрлі таным құралдарын қолдану дағдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

**Жалпы орта мектеп түлегі:**

зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;

ақпаратты талдау және бағалау;
жаңа идеяларды ұсыну;
заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;
мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

| I. ТӘРБИЕНІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ | |
|---|---|
| **Негізі** | Қазақстан Республикасының Конституциясы;<br>«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/;<br>Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.<br>«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы;<br>«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345;<br>«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV;<br>«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI<br>«Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319;<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері<br>Қазақстан Республикасының «Білім туралы » Заңы;<br>Қазақстан Республикасының «Тіл туралы » Заңы;<br>Қазақстан Республикасының құқық бұзушылықтың алдын алу туралы Заңы;<br>Педагог мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ;<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығы Тәрбиенің Тұжырымдамасы Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді;<br>«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;<br>Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы;<br>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-v қрз.<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 ақпанда № 13070 болып тіркелді. («Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы»);<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығының» 6-тарауы);<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы; |

| | |
|---|---|
| | «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 28 қаңтардағы №11 қаулысы;<br>«Орта білім беру ұйымдарында мектепішілік есепке алу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы №61бұйрығы*(өзгеріс 28.12.2023 № 398 бұйрық).* |
| **II. ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ** | |
| **Негізі** | Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету – тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша оқу әдістемелік құралдар мен ұсыныстар дайындау.<br>Тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша озық тәжірибелерді, креативті ойлар мен авторлық бағдарламаларды зерттеу, талдау және енгізу.<br>Оқу-әдістемелік құралдарын қолдану.<br>Этнопедагогика және психология, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын игілігін зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу. әдебиеті<br>Жыл сайын оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізбесіне тәрбиелік және дамытушы сипаттағы оқу кітаптарын қосу |

**III. ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ: ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР**

**Ұйымдастыру шаралары және талдау-диагностикалау**

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарын құру, бекіту | Жоспар | ДТІЖО<br>Құрманбай Г.Т.<br>Муратова Ж.Ж.<br><br>Сынып жетекшілер | **Тамыз – қыркүйек** |
| 2 | Профилактикалық кеңесінін жоспарын құру, бекіту | Бұйрық, хаттама | | |
| 3 | Білім алушылардың мектептен тыс бос уақытын анықтау | Анықтама | | |
| 4 | Тіркеудегі оқушыларға тәлімгер бекіту | Бұйрық | | |
| 5 | Діни тәлім-тәрбие алатын оқушылар туралы мәлімет жинақтау | Кесте | | |
| 6 | Ата-аналар комитетінің жоспарын құру, бекіту | | | |
| 7 | Көп балалы, аз қамтылған, қамқорлықтағы, күн көрісі төмен, жетім отбасы балаларымен жұмыс.<br>Мектептің әлеуметтік картасын құру | Хаттама | Әлеуметтік педагог<br>Сеймурат Ж.Л.<br>Асылбекова З.Б.<br>Сынып жетекшілер | **Жыл бойы** |
| 8 | Оқушылардың сабаққа келуін қадағалау | Сабаққа қатысу журналы | Педагог-ұйымдаст.,<br>Тасходжаева Г.Р.<br>Аға тәлімгер<br>Тұрсынбаева А.<br>Сынып жетекшілер | **Жыл бойы** |
| 9 | Қамқоршылық кеңесі, жоспарын құру, кеңестің мүшелерімен бірлесіп жұмыс жасау | Хаттама | Әлеуметтік педагог<br>Сеймурат Ж.Л.<br>Асылбекова З. | **Жоспар бойынша** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Сынып жетекшілер | |
| 10 | Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету жұмыстарын ұйымдастыру | | ДТІЖО<br>Құрманбай Г.Т.<br>Муратова Ж.Ж.<br>Сынып жетекшілер | **Жыл бойына** |
| 11 | Ата-аналардың қажеттіліктері деңгейін анықтау бойынша диагностикалауды жүргізу және ата-аналарға арналған академия қызметінің нәтижелерін мониторингілеу. | мониторинг | ДТІЖО<br>Құрманбай Г.Т.<br>Муратова Ж.Ж. | **Жыл бойына** |
| **IV. КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ** | | | | |
| 12 | «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ курстарында педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлауды ұйымдастыру | курс, семинар | ҚББ<br>2024-2025 оқу жылы | **Жоспар бойынша** |

## ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

**1 қыркүйек – «Білім күні»**
**5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні**
**Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні**
**Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні**
**Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні**

* Ұсынылған жоспарды білім беру ұйымы өңірдің, ұйымның ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктеріне орай толықтыра алады.

** Ұсынылған жоспарға сәйкес сынып сағаттарының, мектепішілік шаралардың мазмұны, өткізу түрі, орны, әдіс-тәсілдері ұйым ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес білім беру ұйымдары дербес таңдай алады.

***Білім беру ұйымының типін және ерекшелігін ескере отырып, сынып сағаттарын сабақ кестесіне қою және оны жүйелі өткізу ұсынылады.

**** Апта сайынғы әр сынып сағатының соңында немесе басында 10 минут қауіпсіздік сабақтарына арналады.

**1-апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)**

| № | Іс шаралар атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 қыркүйек -Білім күні.<br>**«Мектеп – мейірім мекені!»** | Салтанатты іс-шара | ДТІЖО<br>Педагог-ұйымдастырушы<br>1-11 сынып жетекшілер | **01.09.2024ж.** |
| 2 | **«Менің Отаным – Қазақстан»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілер | **02.09.2024ж.** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | **«Тілім менің ғасырларға аманат»**<br>*(А.Байтұрсыновтың туған күніне орай)* | Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы іс-шара | Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері | **05.09.2024ж.** |
| 4 | Түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу | Жедел профилактикалық және рейдтік іс-шараларды ұйымдастыру | Мектеп әкімшілігі<br>Шымкент қаласының полиция департаменті<br>*(келісімі бойынша)*<br>Мектепішілік мобильдік топтар | **Жыл бойы** |
| 5 | **ДосболLIKE»** – балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыру | Арнайы бағдарлама жоспарына сәйкес | ДТІЖО<br>Педагог-ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Педагог-психолог<br>Шымкент қаласының полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)* | **Жыл бойы** |
| 6 | **«Балалар кітапханасы»** жобасы<br>**«Кітаптар айналымы»** акциясы | Акция | Мектеп кітапханашысы<br>Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)* | **Жыл бойы** |
| **2-апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!** | | | | |
| 7 | Жергілікті жол полиция департаменті өкілдерімен бірлескен **«Абайлаңыз, балалар!»** апталығы | Апталық<br>/арнайы жоспар/ | ДТІЖО<br>Педагог-ұйымдастырушы<br>Мектеп инспекторы<br>Сынып жетекшілер<br>Шымкент қаласының полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)* | **Қыркүйектің 2 аптасы** |
| 8 | Жол қауіпсіздігі<br>**«Жүргіншілер қауіпсіздігі»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | ДТІЖО<br>Шымкент қаласының полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)*<br>1-8 сынып жетекшілер | **Қыркүйектің 2 аптасы** |
| 9 | **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы** | Отбасы күніне арналған челлендж | ДТІЖО<br>Педагог-ұйымдастырушы | **Қыркүйектің 2 аптасы** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі | | Аға тәлімгер<br>ҚББП, Сынып жетекшілер | |
| **3-апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай)** | | | | |
| **10** | **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы**<br>Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру<br>«Отбасылық дәстүрлер» (Ертежүктіліктің, құқықбұзушылықтың алдын алу) | Ата-аналар жиналысы<br><br>Коучинг | ДТІЖО<br>Педагог-ұйымдастырушы<br>Педагог – психологтар<br>Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының мамандарының қатысуымен | **Қыркүйектің 3 аптасы** |
| **11** | **«Буллингтен қорған!»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | Педагог-психолог<br>Психологиялық қолдау орталығының мамандарының қатысуымен<br>1-11 сынып жетекшілері | **Қыркүйектің 3 аптасы** |
| **12** | **«Жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсауға жол бермеу»** | Нәтижеге қол жеткізген білім беру ұйымдарының есебін тыңдау<br>*(бекітілген кестеге сәйкес)* | ДТІЖО<br>Педагог – психологтар<br>Білім басқармасы<br>Қалалық прокуратура | **Әр айдың 25-не есеп беру** |
| **13** | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>«Мамандықтар әлемі» | Кәсіби бағдар<br>Мектептің әлеуметтік желілеріне жариялау | Кәсіптік бағдар беру педагогы | **Жыл бойы** |
| **4-апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.(Абай)** | | | | |
| **14** | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>«Еңбек түбі береке»<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Еңбек күніне арналған сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілер | **Қыркүйектің 4 аптасы** |
| **15** | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>30 қыркүйек – Әділет органдарының күніне орай **«Адалдық – атадан қалған мұра»** ұрпақтар сабақтастығын насихаттау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу | Адалдық сағаты,<br>Дебат | ДТІЖО<br>Педагог – ұйымдастырушы<br>1-11 сынып жетекшілер<br>Сыбайлас жемқорлық іс-қимыл агенттігі қызметкерлерінің қатысуымен *(келісімі бойынша)* | **Қыркүйектің 4 аптасы** |
| **16** | Білім алушылардың төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік сауаттылығын арттыру | Оқу-жаттығулар,<br>нұсқаулық | ДТІЖО<br>АӘТД пәнінің мұғалімі<br>1-11 сынып жетекшілер<br>Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)* | **Тоқсан сайын** |

## ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1 қазан – Халықаралық қарттар күні**<br>**5 қазан – Мұғалімдер күні**<br>**24 қазан – Кітапханашылар күні**<br>**25 қазан – Республика күні** | | | | |
| **1-апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!** | | | | |
| **№** | **Іс шаралар атауы** | **Аяқталу нысаны** | **Жауапты орындаушылар** | **Орындау мерзімдері** |
| **1** | **«Қамқор» жобасы**<br>«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет.<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Жалпы мектепішілік волонтерлық акциясы | ДТІЖО<br>Әлеуметтік- педагог<br>Педагог - ұйымдастырушы<br>1-11 сынып жетекшілері<br>Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының мамандарымен бірлесе<br>*(келісімі бойынша)* | **Қазан айының 1 аптасы** |
| **2** | **«Шабыт» жобасы**<br>«Даналық ұстаздан» челленджі | Мұғалімдер күніне арналған челлендж | ДТІЖО<br>Педагог – ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер, ҚББП<br>Мектеп Парламенті | **Қазан айының 1 аптасы** |
| **2-апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!** | | | | |
| **3** | Жол қауіпсіздігі<br>**«ЖҚЕ негізгі түсініктері мен терминдері»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | Шымкент қаласының полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)*<br>1-8 сынып жетекшілер | **Қазан айының 2 аптасы** |
| **4** | **«Ойынға салауатты көзқарас»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Алдын алу шаралары (лудоманияның алдын алу) | ДТІЖО<br>Педагог –психологтар<br>1-11 сынып жетекшілер<br>Мектеп инспекторы<br>Шымкент қаласының полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)* | **Жыл бойы** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **3-апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады!** | | | | |
| 6 | **«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Алдын алу іс-шарасы | ДТІЖО<br>Педагог –психологтар<br>1-11 сынып жетекшілер | **Қазан айының 3 аптасы** |
| 7 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>«Күзгі асар» жәрмеңкесі | Жәрмеңке | ДТІЖО<br>Педагог – ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Мектеп Парламенті | **Қазан айының 3 аптасы** |
| 8 | **«Буллингтен қорған!»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | ДТІЖО<br>Педагог –психологтар<br>1-11 сынып жетекшілер<br>Психологиялық қолдау орталығының мамандарының қатысуымен<br>Полиция департаменті<br>*(келісімі бойынша)* | **Қазан айының 3 аптасы** |
| **4-апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім!** | | | | |
| 9 | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>«Ұшқыр ой алаңы» дебаты | Мектеп дебаты | Қосымша білім беру педагогі<br>Мектеп Парламенті | **Қазан айының 3 аптасы** |
| 10 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні»<br>«Менің Отаным – Қазақстан» | Мәдени-мерекелік шаралар, кездесулер, тәрбие сағаты, | ДТІЖО<br>Педагог – ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>1-11 сынып жетекшілер | **Қазан айының 4 аптасы** |
| 11 | **«Республикам – мақтанышым!»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілер | **Қазан айының 4 аптасы** |
| 12 | **«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>«Демалыста кітап оқимыз!» | Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара | Мектеп кітапханашы<br>Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы қызметкерлерінің қатысуымен | **Қазан айының 4 аптасы** |
| 13 | 30 қазан - Алкогольмен күрес күні<br>**«Нашақорлыққа, алкоголизмге, темекі шегуге жол жоқ!»** | Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілер<br>Шымкент қаласының денсаулық сақтау департаменті мамандарының қатысуымен | **Қазан айының 4 аптасы** |

## ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

**15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні**
**16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні**

| № | Іс шаралар атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| **1-апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!** | | | | |
| 1 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | Сыбайлас жемқорлық іс-қимыл агенттігі қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)*<br>1-11 сынып жетекшілері | **Қарашаның 1 аптасы** |
| 2 | **«Шабыт» жобасы**<br>Мектеп театры | Театрландырылған қойылым ұйымдастыру | Педагог - ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Мектеп Парламенті<br>Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері<br>Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы мамандарының қатысуымен | **Қарашаның 1 аптасы** |
| **2-апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ!** | | | | |
| 3 | 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні<br>**«Теңге – Қазақстанның үміті мен өмірінің символы»** | Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілер | **Қарашаның 2 аптасы** |
| 4 | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны | Зияткерлік ойын | Қосымша білім беру педагогі<br>Мектеп Парламенті | **Қарашаның 2 аптасы** |
| **3-апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі** | | | | |
| 5 | **«Smart bala» жобасы**<br>«Startup» байқауы | Байқау | Педагог - ұйымдастырушы<br>Музыка пәнінің мұғалімі | **Қарашаның 3 аптасы** |
| 6 | **«Буллингтен қорған!»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | ДТІЖО<br>Педагог –психологтар<br>1-11 сынып жетекшілер<br>Шымкент қаласы прокуратурасы қызмекерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)* | **Қарашаның 3 аптасы** |
| 7 | **«Өмірге салауатты қадам»**<br>«Оқушылар топтарының колоннадағы қозғалысы»<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Алдын алу іс-шарасы | ДТІЖО<br>Мектеп инспекторы<br>Педагог -психологтар<br>5-11 сынып жетекшілер | **Жыл бойы** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **4-апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!** | | | |
| **8** | **«Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілер | **Қарашаның 4 аптасы** |
| **9** | **Құқықтық сағат**<br>Аудандық жасөспірімдер прокуратура, полиция қызметкелерінің 8-11 сынып оқушылармен кездесуі.<br>Тақырыпқа байланысты тележобалар мен деректі фильмдерді талқылау.<br>«Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет» 1-11 сыныптар | Кездесу<br><br>Алдын -алу шаралары | ДТІЖО<br>Мектеп инспекторы<br>Педагог -психологтар<br>8-11 сынып жетекшілер<br>Шымкент қаласы прокуратурасы,<br>Шымкент қаласы полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)* | **Қарашаның 4 аптасы** |

## ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

**5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні**
**16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні**

**1-апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады**

| № | Іс шаралар атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| **1** | **«Қамқор» жобасы**<br>Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы | ДТІЖО<br>Педагог – ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Мектеп Парламенті<br>1-11 сынып жетекшілер | **Жыл бойы** |
| | **2-апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді** | | | |
| **2** | «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі | Челлендж | Қосымша білім беру педагогі<br>Педагог - ұйымдастырушы<br>Мектеп Парламенті | **Желтоқсанның 2 аптасы** |
| **3** | **«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>«Білім кілті - кітапхана» | Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы | Мектеп кітапханашы<br>Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы | **Желтоқсанның 2 аптасы** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **3-апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас** | | | | |
| **4** | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>«Ұшқыр ой алаңы» дебаты | Мектеп дебаты | Қосымша білім беру педагогі<br>Мектеп Парламенті | **Желтоқсанның 3 аптасы** |
| **5** | **«Буллингтен қорған!»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | Шымкент қаласы полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)*<br>1-11 сынып жетекшілер | **Желтоқсанның 3 аптасы** |
| **4-апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған** | | | | |
| **6** | Ойынға салауатты көзқарас<br>«Оқушыларды жүк автомобильдерінде тасу»<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Алдын алу іс-шарасы (лудоманияның алдын алу шарасы) | ДТІЖО<br>Мектеп инспекторы<br>Педагог -психологтар<br>1-11 сынып жетекшілер<br>Шымкент қаласы полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)* | **Желтоқсанның 4 аптасы** |
| **7** | «Бірлік және ынтымақ» құндылығы»<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | Шымкент қаласының Дін істері басқармасы Теолог мамандарының қатысуымен<br>1-11 сынып жетекшілер | **Желтоқсанның 4 аптасы** |

**Қаңтар – заң және тәртіп айы**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 қаңтар – Жаңа жыл | | | | |
| **2-апта дәйексөзі : Талап бар жерде тәртіп бар** | | | | |
| **№** | **Іс шаралар атауы** | **Аяқталу нысаны** | **Жауапты орындаушылар** | **Орындау мерзімдері** |
| **1** | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>Мамандықтар марафоны | Байқау | Педагог - ұйымдастырушы<br>Мектеп Парламенті<br>Кәсіптік бағдар беру педагогы | **Қаңтардың 2 аптасы** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | **«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | Сыбайлас жемқорлық іс-қимыл агенттігі қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)*<br>1-11 сынып жетекшілер | **Қаңтардың 2 аптасы** |
| **3-апта дәйексөзі : Тәртіп – тәрбие бастауы** | | | | |
| 3 | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны | Зияткерлік ойын | Педагог - ұйымдастырушы<br>Мектеп Парламенті | **Қаңтардың 3 аптасы** |
| 4 | **«Буллингтен қорған!»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | Шымкент қаласы полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>1-11 сынып жетекшілер | **Қаңтардың 3 аптасы** |
| **4-апта дәйексөздері: Әділет жолы- адал жол** | | | | |
| 5 | «Заң және Тәртіп» құндылығы<br>**«Автомобильдерді арнайы аспаптармен жабдықтау»**<br>Қауіпсіздік сабағы (10 минут) | Сынып сағаты | 1-8 сынып жетекшілер<br>Мектеп инспекторы<br>Шымкент қаласы прокуратурасы,<br>Шымкент қаласы полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)* | **Қаңтардың 4 аптасы** |
| 6 | **«Smart bala» жобасы**<br>«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы | Байқау | Қосымша білім беру педагогі<br>Работатехника үйірмесінің жетекшілері | **Қаңтардың 4 аптасы** |

## АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

| |
|---|
| **14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні**<br>**Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні** |
| **1-апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге** |

| № | Іс шаралар атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| **1** | «4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» **«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Алдын алу іс-шарасы | ДТІЖО<br>Мектеп инспекторы<br>Педагог- психологтар<br>1-11 сынып жетекшілер<br>Мектеп инспекторы<br>Шымкент қаласы прокуратурасы,<br>Шымкент қаласы полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)* | **Жыл бойы** |
| 2 | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>«Ұшқыр ой алаңы» дебаты | Мектеп дебаты | Қосымша білім беру педагогі<br>Мектеп Парламенті | **Ақпан айының 1 аптасы** |
| | **2-апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала** | | | |
| **3** | **«Буллингтен қорған!»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | Педагог- психологтар<br>1-11 сынып жетекшілер<br>Психологиялық қолдау орталығының мамандарымен | Ақпан айының 2 аптасы |
| **4** | **«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі | Челлендж | Мектеп кітапханашы<br>Мектеп Парламенті<br>1-11 сынып жетекшілер<br>Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы | Ақпан айының 2 аптасы |
| | **3-апта дәйексөзі: Өнерлі бала - өрге жүзер** | | | |
| **5** | Қауіпсіз қоғам<br>**«Жолдағы жағдайларды макетте талдау»**<br>**Арнайы автоалаңдағы практикалық сабақ**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Алдын алу іс-шарасы | ДТІЖО<br>Мектеп инспекторы<br>Педагог - ұйымдастырушы<br>1-8 сынып жетекшілер<br>Шымкент қаласы полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)* | Ақпан айының 3 аптасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | **«Smart bala» жобасы**<br>«Startup» байқауы | Байқау | Педагог - ұйымдастырушы<br>Музыка пәнінің мұғалімі | Ақпан айының<br>3 аптасы |
| **4-апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы** | | | | |
| 7 | **«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілер<br>Мектеп инспекторы<br>Шымкент қаласы прокуратурасы,Шымкент қаласы полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>*(келісімі бойынша)* | Ақпан айының<br>4 аптасы |

**Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1 наурыз – Алғыс айту күні**<br>**8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні**<br>**21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі**<br>**30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні** | | | | |
| **1-апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы)** | | | | |
| **№** | **Іс шаралар атауы** | **Аяқталу нысаны** | **Жауапты орындаушылар** | **Орындау мерзімдері** |
| 1 | «Алғыс – ізгі ниет»<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілер | Наурыздың<br>1 аптасы |
| 2 | Ойынға салауатты көзқарас<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Алдын алу іс-шарасы | 1-11 сынып жетекшілер | Наурыздың<br>1 аптасы |
| **2-апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік** | | | | |
| 3 | **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы**<br>«Ананың аялы алақаны» челленджі | Челлендж | ДТІЖО<br>Педагог - ұйымдастырушы<br>Мектеп Парламенті | Наурыздың<br>2 аптасы |
| 4 | **«Шабыт» жобасы**<br>«Ұлттық мәдениет» көрмесі | Көрме | Технология пәнінің мұғалімдері<br>Педагог - ұйымдастырушы<br>Мектеп Парламенті | Наурыздың<br>2 аптасы |
| 5 | **«Табиғатты аяла»** жас өлкетанушылар, экологтармен табиғат зерттеушлерінің форумы | Форум | ДТІЖО<br>Биология пәнінің мұғалімдері<br>Педагог - ұйымдастырушы<br>Мектеп Парламенті | Наурыздың<br>2 аптасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **3-апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады** | | | | |
| **6** | **«Шабыт» жобасы**<br>Мектеп театры | Театр қойылымы | ДТІЖО<br>Педагог – ұйымдастырушы<br>Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі<br>Мектеп Парламенті<br>Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы | Наурыздың<br>3 аптасы |
| 7 | «Наурыз – жыл басы»<br>«Жол белгілері»<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілер<br>1-8 сынып жетекшілер | Наурыздың<br>3 аптасы |
| **4-апта дәйексөзі: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең** | | | | |
| 8 | **«Қамқор» жобасы**<br>«Жер сағаты» экологиялық акциясы | Акция | ДТІЖО<br>Экология үйірмесінің жетекшісі<br>Педагог - ұйымдастырушы<br>Мектеп Парламенті | Наурыздың<br>4 аптасы |

## СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні**<br>**7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні**<br>**12 сәуір – Ғылым күні**<br>**15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні**<br>**18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні**<br>**23 сәуір – Ұлттық кітап күні** | | | | |
| **1-апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай)** | | | | |
| **№** | **Іс шаралар атауы** | **Аяқталу нысаны** | **Жауапты орындаушылар** | **Орындау мерзімдері** |
| **1** | 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні<br>Қауіпсіздік сабағы (10 минут) | Денсаулық марафоны<br>Сынып сағаты | ДТІЖО<br>Педагог - ұйымдастырушы<br>Дене шынықтыру пән бірлестігі<br>1-11 сынып жетекшілері<br>Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының мамандарының қатысуымен | Сәуірдің<br>1 аптасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | **«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні.<br>«Біз таңдаған кітаптар» | Іс шара | Мектеп кітапханашы<br>1-11 сынып жетекшілері | Сәуірдің<br>1 аптасы |
| **2-апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи)** | | | | |
| 3 | Өмірге салауатты қадам<br>«ЖКО-да зардап шеккен балалар жарақаттарының негізгі түрлері мен себептері»<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Алдын алу іс-шарасы | ДТІЖО<br>Мектеп инспекторы<br>Педагог - ұйымдастырушы<br>Шымкент қаласы полиция департаменті,<br>Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының мамандарының қатысуымен<br>1-8 сынып жетекшілер | Сәуірдің<br>2 аптасы |
| 4 | **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы**<br>«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып | Шеберлік сынып | ДТІЖО<br>Педагог -психологтар | Сәуірдің<br>2 аптасы |
| **3-апта дәйексөзі: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар** | | | | |
| 5 | «Қоғамдық мүлікті қорға!»<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Алдын алу іс-шарасы | ДТІЖО<br>Мектеп инспекторы<br>Педагог - ұйымдастырушы<br>Шымкент қаласы полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен<br>1-11 сынып жетекшілер | Жыл бойы |
| 6 | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>«Ұшқыр ой алаңы» дебаты | Мектеп дебаты | Қосымша білім беру педагогі<br>Мектеп Парламенті | Сәуірдің<br>3 аптасы |
| 7 | **«Буллингтен қорған!»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | Педагог –психологтар<br>Шымкент қаласы полиция департаменті,<br>Психологиялық қолдау орталығының мамандарының қатысумен<br>1-11 сынып жетекшілер | Сәуірдің<br>3 аптасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **8** | **«Алтын қазына»** көркем және сәндік қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме байқауы | Көрме байқауы | Технология пәнінің мұғалімдері<br>Қосымша білім беру педагогы<br>Педагог - ұйымдастырушы<br>Мектеп Парламенті | Сәуірдің<br>3 аптасы |
| **4-апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер** | | | | |
| **9** | **«Қамқор» жобасы**<br>«Түлектердің ағаш егуі» эко челленджі | Челлендж | ДТІЖО<br>Биология пәнінің мұғалімдері<br>Педагог - ұйымдастырушы<br>11 сынып жетекшілер | Сәуірдің<br>4 аптасы |

**МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ**

**1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні**
**7 мамыр – Отан қорғаушылар күні**
**9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні**
**15 мамыр – Халықаралық отбасы күні**
**18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні**
**31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні**

**1-апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ**

| **№** | **Іс шаралар атауы** | **Аяқталу нысаны** | **Жауапты орындаушылар** | **Орындау мерзімдері** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **«Біз әртүрліміз, бір теңбіз»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілер<br>Шымкент қаласының Дін істері басқармасы теолог мамандарының қатысуымен | Мамырдың<br>1 аптасы |
| **2-апта дәйексөзі: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ** | | | | |
| 2 | **«Шабыт» жобасы**<br>«Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі | Фестиваль | Педагог - ұйымдастырушы<br>Музыка пәнінің мұғалімі | Мамырдың<br>2 аптасы |
| 3 | **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы.** Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы | Суреттер, фотосуреттер көрмесі | ДТІЖО<br>Педагог- психологтар | Мамырдың<br>2 аптасы |
| **3-апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)** | | | | |
| 4 | «Буллингтен қорған!»<br>«Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану»<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | Педагог- психологтар<br>1-11 сынып жетекшілер<br>Мектеп инспекторы | Мамырдың<br>3 аптасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | Қауіпсіз қоғам<br>«Қорытынды сабақ»<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Алдын алу іс-шарасы | 1-11 сынып жетекшілер<br>Мектеп инспекторы<br>Шымкент қаласы полиция департаменті,<br>Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы мамандарының қатысуымен | Жыл бойы |
| 6 | **«Менің Отаным - Қазақстан»** туристік экспедициалық жасақтардың қалалық слеті | Слет | Қосымша білім беру педагогі<br>География пәнінің мұғалімдері<br>Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері<br>Шымкент қаласы білім басқармасының Экология, өлкетану және туризм орталығы | Мамырдың 3 аптасы |
| **4-апта дәйексөзі: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. /Күлтегін/** | | | | |
| 7 | **«Шабыт» жобасы**<br>«Әншуақ» фестивалі | фестиваль | Педагог - ұйымдастырушы<br>Музыка пәнінің мұғалімі | Мамырдың 4 аптасы |
| 8 | **«Білімім – Отаныма!»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* | Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілері | Мамырдың 4 аптасы |
| 9 | Мектеп бітіру кеші | Салтанатты іс-шара | ДТІЖО<br>Педагог-ұйымдастырушы<br>1\11 сынып жетекшілер | Мамырдың 4 аптасы |

## Маусым – тәуелсіздік және отаншылдық айы

| **Маусым – тәуелсіздік және отаншылдық айы** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1-апта дәйексөзі: Ең берік қамал – Отанға деген сүйіспеншілік** | | | | |
| **№** | **Іс шаралар атауы** | **Аяқталу нысаны** | **Жауапты орындаушылар** | **Орындау мерзімдері** |
| **1** | 1маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні | Мерекелік іс -шара | Алаң басшысы<br>1-7 сынып жетекшілері<br>Лагерьге жауапты мұғалімдер | Маусымның 1 аптасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **2-апта дәйексөзі: Бірлік пен жасампаздық – ел бағдары** | | | | |
| **2** | 4 маусым –ҚР рәміздері күні | Мерекелік іс -шара | Алаң басшысы<br>Лагерге жауапты мұғалімдер | Маусымның<br>2 аптасы |
| **3** | **«Шабыт» жобасы**<br>«Домбыра күні» | Концерт және көрме | Алаң басшысы<br>Музыка пәнінің мұғалімі | Маусымның<br>2 аптасы |
| **4** | **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы**<br>«Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» | Шеберлік сыныптары | Алаң басшысы<br>Педагог- психологтар | Маусымның<br>2 аптасы |
| **3-апта дәйексөзі: Жасампаз халық болуымыз қажет. (Қ.К.Тоқаев)** | | | | |
| **5** | Мектеп жанындағы жазғы демалыс лагерін ұйымдастыру шараларына басшылық пен бақылау жасау | Сауықтыру жұмысы | Алаң басшысы<br>Лагерге жауапты мұғалімдер | Маусымның<br>3 аптасы |
| **6** | Жас өлкетанушылар, экологтар және натуралистердің «Табиғатты аяла» форумы, балалар мен жастардың патриоттық сезімін және азаматтығын тәрбиелеуге, экологиялық топ серуендер | Сауықтыру жұмысы | Алаң басшысы<br><br>Лагерге жауапты мұғалімдер | Маусымның<br>3 аптасы |

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:** **Г.Т.Құрманбай**
**Ж.Ж.Муратова**